			тақтадағы қызыл жолаққа, ал жаман болса мына көк жолаққа қоямыз. (Балалар суреттері орындарына орналастырады) Бәрекелді балалар, енді сендер қандай баланың жақсы, қандай баланың жаман екенін білесіңдер. Қане айтыңдаршы, - қандай баланы жақсы бала дейміз? - Тәртіпті, тіл алғыш, ойыншықтарды сындырмай күтіп ұстайтын, үлкендерге, кішкентайларға көмектесетін балаларды айтамыз - Ал қандай баланы жаман бала дейміз? - Ойыншықтарды, ағаштарды сындыратын, айтқанды қылмайтын, тәртіпсіз баланы жаман бала дейміз. Дұрыс айтасыңдар балалар, біз бүгінгі оқу іс - әрекетімізде «жақсы мен жаман» әдеттер туралы әңгімелестік. Сендер жақсыдан үйреніп, жаманнан аулақ жүруді,			

Сканировано с CamScanner

			білулерің керек. Ендеше алдағы уақытта ешқашан жамандық істемей, қолдан келгенінше тек жақсылық жасап жүрейік. Біздің топта балалар, Тату – тәтті ойнайды. Дос көңілі әрқашан, Тек жақсылық ойлайды.			
«Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық, серуен	16.30-16.50	Киімдерін ретімен дұрыс киінуін қадағалау. Серуенге шығу. Еркін ойындар.				
		Картотека № 12 Құрылымдалған ойын: «Мысық пен тышқандар»	**Картотека №13** Құрылымдалған ойын: «Қуғыншылар»	**Картотека №14** Құрылымдалған ойын: «Доптарды қуу»	**Картотека №15** Құрылымдалған ойын: «Күн мен жаңбыр»	**Картотека №11** Құрылымдалған ойын: «Аюдың апанында»
«Сау бол балабақша» Ата-аналармен қарым-қатынас, балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Балалардың тазалығын ата-аналарға ескерту. Үйге кетуге сұрану.	Ата- аналарға кеңес: Үйде балаларға өз- өзіне еңбек етуге дағдыландыру.	Ата- аналарға балаларды табыстау.Төлем ақшаны уақытылы төлеу керек екенін ескерту.	Ата- аналарға ескерту. Балабақшаға уақытынан кешікпей әкеліп,уақытымен алып кетулерін ескерту.	Балалардың демалыс күндеріне сәттілік тілеу. Дүйсенбіге таза келулерін ескерту.

Сканировано с CamScanner

Күні: 5.11.2021ж
Әдіскер: А.Т.Уразмуханбетова

Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы.
«Аққоян» ортаңғы тобы
II-апта (8-12 қараша айы 2021ж.)
Өтпелі тақырып: «Дені саудың – жаны сау»
Тақырыпша: «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 8.11.2021ж	Сейсенбі 9.11.2021ж	Сәрсенбі 10.11.2021ж	Бейсенбі 11.11.2021ж	Жұма 12.11.2021ж
«Сәлеметсіз-дер ме, балалар» Балаларды таңертеңгі қабылдау, тексеру. Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) Таңертеңгі жаттығу Гигиеналық шаралар.	8.00-8.30	**Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалардың демалыс күндері қалай өткендігін сұрау.				
		Балаларды қабылдау. жағымды жағдай жасау. Дене қызуын өлшеу.Тазалығын тексеру арнайы журналға тіркеу.	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жағдай туралы әңгімелесу.Дене қызуын өлшеу.Балалар мен бірге ертеңгілік жаттығу жүргізу.	Баланың дене қызуын өлшеп қабылдау. Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру.	Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау.Ата-анамен жеке бас тазалығы туралы сөйлесу. Серуен уақытында топтарға кварц қосу.	Таңертең балаларды қабылдап ата-анаға балабақшадан қалдырмауын ауырған жағдайда ескертуі туралы айту.Дене қызуын өлшеп тазалығын тексеру. Бой, салмақ өлшеу.
		Жаттығулар кешені. Қараша айы: I –II апта; Картотека №5				
		Мәдени гигеналық дағдыларын қалыптастыру.Қолдарын жуып,таңғы аска отырғызу.				
Таңғы ас.	8.30 - 9.00	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге,майлықты дұрыс қолдануға, тамақтан соң алғыс айтуға үйрету.	Тамақты дұрыс ішулерін қадағалау.Тауысып ішуге дағдыландыру	Майлықты дұрыс пайдалануына көңіл бөлу. Тамақ ішкенде сөйлемей, әдепті отыруға үйрету.	Үстел басында дұрыс отырып, тамақтануын қадағалау.	Тамақтарын тауысып ішіуін қадағалау.
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ)	9.00 - 9.15	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда баяу қимылды ойын-жаттығулар.				
		Құрылымдалған ойын: **Картотека №1** **Тақырыбы:** «Көңілді маймылдар»	Құрылымдалған ойын: **Картотека №2** «Торғайлармен	Құрылымдалған ойын: **Картотека №3** «Қояндар» **Мақсаты:**	Құрылымдалған ойын: **Картотека №4** «Көңілді балалар»	Құрылымдалған ойын: **Картотека №10** «Үйі жоқ қоян»

Сканировано с CamScanner

дайындық.		**Мақсаты:** Балаларды би жаттығуларын орындауға жаттықтыру.Жолдастық сезімге тәрбиелеу.	автоколіктер» **Мақсаты:** Балаларды әр жаққа жүгіруге, секіруге жаттықтыру. Шыдамдылыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу.	Балаларды арақашықтықты сақтай отырып жүгіру, ептілік және шыдамдылық дағдыларын дамыту.	**Мақсаты:** Балаларды тепе-теңдік сақтай отырып, шашыраңқы жүгіруге үйрету.	**Мақсаты:** Өз рөлдерін ойнау, арақашықтықты сақтай отырып жүгіру, ептілік және шыдамдылық дағдыларын дамыту.
«Ойнайық та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметі.	9.15-9.35 9.50-10.20	**1. Білім беру саласы Шығармашылық** **ҰОҚ: музыка** **Тақырыбы:** **Ән тыңдау:** «Күшік пен көбелек»(Л.Хамиди, Ш.Мұхамеджанов). Ән айту:«Алтын күзде молшылық А. Айтуова Муз – ырғақты қимыл: «Көкөністер биі» Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілетін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету. Әуеннің ырғағына сай басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. **2.Білім беру саласы Таным** **ҰОҚ: Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Алма бақта саяхат» **Смарт мақсаты:** Кеңістікті	**1. Білім беру саласы Денсаулық** **ҰОҚ: дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Шыныққан шымыр боламыз. **Смарт мақсаты:** 2 метр қашықтыққа алға қарай екі аяқпен секіруді игереді. Еденде жатқан кедергілерден аттап өтуді үйренеді. **Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап. **Ресурстар:** Музыкалық әуен, текшелер, құрсау. **Күтілетін нәтиже:** Балалар жалпы дамыту жаттығуларын белсенді орындады, негізгі қимыл жаттығуларын игерді. Қимылды ойындарға	**1. Білім беру саласы Денсаулық** **ҰОҚ: дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Біз күштірек,үлкенірек боламыз. **Смарт мақсаты:** Бір жағы 20 см көтерілген көлбеу тақтайдың үстімен жүруді игереді. Ені – 25 см, ұзындығы 2 м еденде жатқан тақтайдың үстімен алақан мен табанды тіреп,төрттағандап еңбектеуді үйренеді. **Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қозғау. **Ресурстар:** орындық, кегли, музыка әуендері. **Күтілетін нәтиже:** Қимылды ойындарға белсене қатысты. Балалар жалпы дамыту жаттығуларын белсенді орындады, негізгі қимыл жаттығуларын игерді.	**1. Білім беру салалары Әлеумет, Шығармашылық.** **ҰОҚ: қоршаған ортамен таныстыру, мүсіндеу.** **Тақырыбы:** «Аспазшы», «Жемістер алма, алмұрт» **Мақсаты:** Балабақша қызметкерлері туралы біледі, сюжетті-рөлдік ойындарда аспазшы рөлін сомдайды. Үлгіге қарап, домалақтап, есу, ширату арқылы, алма мен алмұртты мүсіндейді. **Смарт мақсаты:** **Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру,көрсету, сұрақ- жауап, ой-қозғау. **Ресурстар:** ойынға қажетті құралдар,	**1. Білім беру саласы Денсаулық** **ҰОҚ: дене шынықтыру.** **Тақырыбы:** Біз үлкен болып өсеміз **Смарт мақсаты:** Музыкалық-ырғақты қозғалыстар (музыкалық маршпен жүруді) игереді. Гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекітілген көлбеу тақтайдан еңбектеп түсуді үйренеді. **Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап. **Ресурстар:** жалаушалар, музыкалық әуен, кішкентай шариктер. **Күтілетін нәтиже:** Музыкалы-ырғақты қимылдарды

Сканировано с CamScanner

		бағдарлайды. Жемістерді сол жақтан оң жаққа орналастырады. **Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қозғау. Ресурстар: Жемістердің және алманың суреті. Күтілетін нәтиже: Кеңістікті бағдарлап үйренді. Заттардың қатарын солдан оңға қарай орналастырды. **Жүру барысы:** **Шаттық шеңбері:** Қуан шаттан алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң, балалар, Қайырлы таң, апайлар! Қазір күз мезгілі. Күз мезгілінде ағаштардың жапырақтары сарғайып, жерге түсе бастайды, күн суытады. Бүгінгі оқу іс-әрекетті сендерге жұмбақпен бастағым келеді, **Жұмбақ:** Аспай түскен, Қайнамай піскен. Ол не екен? -Дұрыс , балалар, жемістер екен. Жемістерге не жататынын білесіңдер	белсене қатысты. **Жүру барысы:** **Кіріспе бөлім** Балалар сапқа бірінің соңынан бірі тұрады. Сап бойымен шеңбер болып залды айналып жүреді; тәрбиешінің көрсетуі бойынша нық қадаммен алға, артқа жүреді; тез ойнаған музыка әуенімен жүгіреді; бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіру қимылдарын көрсетеді; жай қалыпқа түсіп шеңбер бойымен жүреді; біртіндеп жүріп келе жатып жалпы дамыту жаттығуларын жасауға тұрады. **Негізгі бөлім:** Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен). 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетеді.	**Жүру барысы:** Сүйсең егер әлемді – осылай жаса! Қасыңда егер болса досың – осылай жаса! Егер күшті болғың келсе –осылай жаса! Сергек жүру үшін де – осылай жаса! Тізбекте жүру, жүгіру, сап түзеп жүру – залдың бір жағынан екінші жағына. **Негізгі кезең.** Залдың бір жағынан екінші жағына жүргізу, бір қатармен жүгірту, сапқа тұрып жүргізу. Шеңбер бойымен тұрып тыныс алу гимнастикасын орындау. **Негізгі қимылдарды орындау:** Бір жағы 20 см көтерілген көлбеу тақтайдың үстімен жүру. Еденде жатқан тақтайдың үстімен төрттағандап еңбектеу. Жаттығудың орындалу ретін түсіндіреді – бір-біріне кедергі келтірмеу, кері қарай жүгіріп қатарға келіп тұрады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:**	аспазшының суреті. Күтілетін нәтиже: Балабақша қызметкерлері туралы білді, сюжетті-рөлдік ойындарда аспазшы рөлін сомдады. Ермексазбен домалақтап, есу, ширату арқылы, алма мен алмұртты мүсіндеді. **Ұйымдастырушылық кезеңі** -Балалар, бүгін бізде ерекше оқу қызметі болады. Сендер білесіңдер ме, біздің балабақшада асханада не бар? -Асханада не пісіреді? -Асханада тамақ пісіреді. -Тамақты кім пісіреді ? -Тамақты аспазшы апайлар пісіреді. -Ендеше, қазір біз сендермен асханаға саяхатқа барамыз. Онда біз аспазшы апайлармен танысамыз, тамақ пісіретін ыдыстарды көреміз.	орындауды музыка ырғағымен марш орындады, көлбеу тақтайда еңбектеуді, тігінен қойылған нысанаға шарик лақтырып тигізуді үйренді; **Жүру барысы:** Бір-екі-үш, бұрыл, Солдатқа сен айнал. Қолды бірге көтереміз, Орнымызда адымдаймыз. Отырамыз, тұрамыз, Ешқашанда шаршамаймыз. **Негізгі кезең.** Доппен жалпы дамытатын жаттығу Музыкалы-ырғақты қимылдар. (Музыкамен марш орындау). Музыка ойнаған сәтте нақты және бір қарқынмен адымдауға, қадамдарын бірдей басуынаназар аударады, музыканың әр бөлімінің басталуы мен аяқталуын көрсетіп отыру.

Сканировано с CamScanner

		ме? (теледидардан жемістердің суреттерін көрсетіп, түсіндіру.) -алма, орік, шие, жүзім т.б. жемістер жатады. Күз мезгілінде бақтағы жемістер мен көкөністер пісіп, барлығын жинап аламыз. (Жемістердің қандай пайдасы бар екенін айтып өту.) Келесі суретте назар аударамыз. Бұл суретте алма бағы бейнеленген. Алмалардың түстері әр түрлі. Қандай түсті алмалар бар? -қызыл, сары, жасыл. Алманың пішіні қандай? -дөңгелек. **«Саябақтағы жемістер» дидактикалық ойыны:** Үстелдің үстіндегі себетте алма, алмұрт, шие, өрік, құлпынай, қияр, сәбіз, қызанақ, кәді және тағы басқа жемістер мен көкөністер жатыр. Сол жағында тұрған себетке көкөністерді саламыз. Ал оң жағында тұрған себетке жемістерді жинаймыз. **Ширату** Алма баққа барайық Алма теріп алайық Ең үлкенін дәмдісін	1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созады. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене бос, қол төменде. 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, екі қолды көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). **Негізгі қимыл жаттығулары:** 2 метр қашықтыққа алға қарай екі аяқпен секіру. Еденде жатқан	**«Қарлығаш» –** құстардың қимылы жеңіл әрі әдемі, сермегендеқолдарын түзу созады.«Қарлығаш, қарлығаш– біздің үйге ұшып кел!» **Қорытынды** (рефлексия) **Ойын жаттығуы: «Біз үлкенбіз»** Біреуді көтеріп алуға тырысады. Дене шынықтыру жаттығуларының пайдасын айтып береді. **2.Білім беру саласы Қатынас** **ҰОҚ:** **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Апорт алма» өлеңі Н.Әлімқұловтың **Смарт мақсаты:** Шағын тақпақтар мен өлеңдерді есте сақтайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады. **Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қозғау. **Ресурстар:** Алманың суреті. **Күтілетін нәтиже:** Балалар оқылған өлеңді есте сақтады, жұмбақ шешіп, алма туралы мағлұматтар білді. **Жүру**	**Негізгі бөлімі** Балаларды асханаға апару. -Міне, балалар біз асханаға келдік. Апайларға не айтамыз? -Сәлеметсіздер ме, апайлар? -Мынау асхана. Асхананың іші қандай? -Асхана іші кең, жарық, таза, ақ. -Міне мынау Назгүл апай. Ол сендерге таңертеңгі, түскі, кешкі тамақтарды пісіреді. Назгүл апай – аспазшы. Олар асхана туралы, пісіріп жатқан тамақтары туралы айтып береді. -Мынау ортада тұрған не? -Ол пеш. -Пештің үсті қандай? -Пештің үсті ыстық. -Ыстық пешке жолауға бола ма? -Ыстық пешке жолауға болмайды. Қолың күйіп қалады. Балаларман асханада тұрған заттардың аттарын атау.	Ойын жаттығуы: «Шеңбер» – шеңбер әдемі әрі біркелкі болуы тиіс. Ойын жаттығуы: «Көпір» және «Нысанаға дөп тигіз». Қимылдарды орындау реті: 1 –«Көпірден», көлбеу тақтайдан еңбектеп өту, 2 – пластмасса шариктерді тігінен тұрған модульге лақтырып тигізу – шеңбер (нысана ортасының биіктігі1,2 метр, лақтыру сызығынан қашықтық – 1,5 метр). Еске салады: шариктi лақтырмай тұрып, нысанаға қарап, көздеп, сосын барып лақтыру керек. **Қорытынды кезең** (рефлексия) Қолымызды соғамыз: шап-шап-шапалақ (3 рет) Аяқпен тарсылдатамыз: Топ (3 рет) Басты айналдырамыз (3 рет) Кеудемізді соғамыз.

Сканировано с CamScanner

		Анамызға сыйлайық **Қорытынды:** -Балаларға сұрақ-жауап қою арқылы қорытындылау.	кедергілерден аттап өту. **"Құрсаудан өт" қимылды ойыны.** Балалар екі топқа бөлінеді. Алдыда тұрған балалар тез жүгіріп, құрсаудан еңбектеп өтіп, өз командасына алақанмен ұрып, 3 эстафетаны береді, эстафета жалғаса береді. Бірінші болып жеткен команда жеңіске жетеді. 2.4. "Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны. Шарты: "Мысық пен торғайлар" зал ішінде дән шоқып, секектеп жүреді.Белгі берілгенде "мысық" оянып, "торғайларды" ұстайды. **Қорытынды:** Тыныс алу жаттығуы "Тыныш, ақырын, баппен тыныс аламыз". Мақсаты: балаларды физикалық жүктемеден, және қатты эмоциялық сезімнен кейін, өзін	**барысы:** **Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбер.** Армысың алтын күн, Армысың көк аспан, Армысың жер ана, Қайырлы таң балалар! -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгешеліктер болады? -Күзде ауа- райы қалай болады? -Сендер күз туралы тақпақ білесіңдер ме? Мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, тыңдап жауабын тауып көріңдер! Әрі қызыл, әрі тәтті, Татқан жанды таңырқатты. (Алма) Уылжыған, албырт, Дәмі ғажап.(Алмұрт) -Жарайсыңдар балалар, жұмбақтың жауабын дұрыс шештіңдер! Слайд тамашалау. Жемістердің суреттерін көрсетіп, олар туралы айтқызады.Бір сөзбен қалай атауға болатынын сұрайды. Көп жеміс ағаштарын көру үшін күзгі баққа серуенге шақырамын.	Жаңа сөздер: асхана, аспазшы, еттартқыш, тоңазытқыш. -Ал, енді балалар тобымызға барайық. -Апайларға не айтамыз? -Сау болыңыздар! Топқа қайту. Енді «Аспазшы» ойынын ойнайық. **«Аспазшы» сюжетті-рөлдік ойыны** -Қанекей балалар мен сендерге «аспазшы» өлеңін оқып берейін. Біздің бұл бақшада, Бар әсем асхана. Бар онда аспазшы Аққөңіл, жақсы апай. Әлде май, құймақ па? Борщ па, сорпа ма? Әлде бал, қаймақ па? Тұрады ортада: Тәп-тәтті тағамы Апай ас маманы, Пісіре білгенге Астың жоқ жаманы. -Балалар аспазшы біздерге 4 мезгіл ас әзірлеп береді. Бесін аста біздерге алма, тәтті бәліштер беріледі. Ендеше балалар сол алма мен алмұртты	Өкшемізді қадаймыз:топ(3 рет) Тізелерден ұрамыз:сарт (3 рет) Ішімізді бір сипап Күлімдейміз бәріміз. **2. Білім беру саласы Қатынас. Шығармашылық ҰОҚ: көркем әдебиет, сурет салу.** **Тақырыбы:** «Жемістер жыры» өлеңі Рза Құнақова «Көкөністер» **Смарт мақсаты:** Өлеңдерді мағаналы, асықпай және дыбыстарды анық айтады. Дөңгелек және сопақша (қияр, қызанақ) көкеністерді салады. **Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру,көрсету, әңгімелесу,сұрақ-жауап, сергіту сәті. **Ресурстар:** Тақырыпқа сай суреттер **Күтілетін нәтижесі:** «Жемістер жыры» өлеңін тыңдай отырып, әр жемістің өзіне тән

Сканировано с CamScanner

			бос ұстап, ақзақты қалпына келтіре білуге, тыныс алуын реттей білуге үйрету. Бастапқы қалып-тұрып, отырып (бұл алдында алған физиқалық жүктемеге байланысты). Егерде отырып жасаса, арқаны түзу ұстап, көзді жұмып қою керек. Мұрын арқылы баппен тыныс алу. Кеуде сүйегі кеңейе бастағанда, тыныс алуды тоқтатып, үзіліс жасау керек, кім қанша жасай алғанша. Сонан соң баппен тынысты мұрын арқылы шығару 5-10 рет қайталау. Жаттығу өте баяу, артық дыбыссыз орындалуы қажет. **2.Білім беру саласы Таным** **ҰОҚ:** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Бақшадағы көкөністер» **Смарт мақсаты:** Көкөністерді атайды, дәмін ажыратады. **Әдіс-тәсілі:**	Балалар, қане, барлығымыз паравоз сияқты қатарға тізіліп тұрайықшы. Жол қысқару үшін өлең айта барайық. «Жемістер мен көкөністер» әнін орындайды. Күзгі баққа да жетіп қалдық балалар. Алдын ала топтың іші күзгі баққа ұқсатылып, ағаш макеттерімен безендірілген. Тыныс алу жаттығуы: -Балалар, қараңдаршы, бақтың ауасы қандай тамаша! Мұрындарымен дем алып, ауыздан шығаруды ұсынады. «Қандай жемісті алдың?» дидактикалық ойыны Үстел үстінде /муляждар, ұсақ заттық суреттер/ тұрады, Балалар 1-2 ұнаған жемістеді алып, қандай жеміс алғанын айтып беру керек. Н.Әлімқұловтың «Апорт алмасы» өлеңін оқып, түсіндіреді. Апорт Апорт деген алманың Таттың ба сен бал дәмін?!	ермексаздан мүсіндейміз. Ермексазды домалақтап, созып әдемі алма мен алмұрт жасаймыз. **Қорытынды:** -Біз бүгін қайда бардық? -Біз бүгін асханаға бардық. -Асханада не дайындайды? -Асханада тамақ пісіретін апайды кім деп айтамыз? -Аспазшының еңбегі ұнады ма? -Алма мен алмұртты мүсіндей алдыңдар ма?	тілді үйіретін дәмі, түсі бар екендігін ойын арқылы көрсетті. **Жүру барысы:** **Шаттық шеңбер** Біздің топта балалар Тату-тәтті ойнайды. Дос көңілі әрқашан Тек жақсылық ойлайды. Балалар шаттық шеңберіне тұрып, қолдарындағы допты беру арқылы бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. **Ұйымдастырушылық - ізденістік** **Кіріспе бөлім** Жұмбақ: Аспай піскен, қайнамай түскен. Ол не? Жемістерге нелер жатады? Олар қайда өседі? Енді ақын Рза Құнақованың «Жемістер жыры» өлеңімен танысамыз. Алма: Нарттай қызыл алмам бар, Мәз болады алғандар, Жазда әдемі киінем, Тілді балдай үйірем. Өрік:

Сканировано с CamScanner

			Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қозғау. **Ресурстар:** Коконістердің суреті, коконістер туралы бейнеролик. **Күтілетін нәтиже:** Коконістердің пайдасын білін, дәмін ажырата алды. **Жүру барысы:** **Шаттық шеңбері:** – Балалар, қандай керемет жомарт күн! Мен сұрақ қоямын, сендер жауап беруге дайынсыңдар ма? – Күзде гүлдер осе ме? – Иә. – Бұлттар күнді торлай ма? – Иә. – Ызғарлы желдер соға ма? – Иә. – Жерді тұман баса ма? – Иә. – Әртүрлі жәндіктер ұша ма? – Жоқ. – Аңдар інге тығыла ма? – Иә. – Қамбаға онім түсе ме? – Иә. – Құстар ұшып кете ме? – Иә. – Жаңбыр жиі жауа ма? – Иә. – Күн ыстығын төге ме? – Жоқ. Біз сонда не істейміз? – Күрте, бас киім киеміз. – Иә. – Жарайсыңдар, балалар! – Балалар, жомарт күз	Анорт деген тәтті алма, Ол өседі бақтарда. Алатауда өседі ол, Оған тең жоқ дерлік ел. Оленді оқи отыра, ойын іс-әрекеттерімен қимыл жасап отырады және алдын ала дайындалған суреттерді пайдаланады. Жетекші сұрақтар арқылы шығарманы талдайды. **Шырату:** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі, Кіп-кішкентай ағаштар, Су құйғанда өседі. Сөздік жұмысы: «ұялжыған, албырт, дәмі тәжан» сөздерінің мағынасын түсіндіріп, қайталап, бекітеді. Тәрбиешінің: «Балабақшаға баратын уақыт болды» деп, көңілді әуенмен жолға шығады. Шығарманы қайталап оқиды. 3-4 баладан жеке түрде сұрап, бекітеді. Балаларды мадақтап, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін аяқтайды.		Көктемде ерте гүлдейміз, Кешігуді білмейміз. Шешей тұрған кезімде «Менен аулақ жүр!»-дейміз. Ұялжыған өрікпін, Мен бау-бақта көрікпін. **Шырату** Ор ағаштың түбінде Жатыр алма камбасы. Бақтан күтсең , күпіне Берер саған алмасын. **Дидактикалық ойын:** **«Дәмін тат!»** Ойынның шарты: ойынның қатысушы балалардың кезекпен көзін байлап, кесілген дайын жеміс ауызына салады, балалар оның қандай жемістің дәмі екенін айтады. **Жаңылтпаш жаттау:** «Не деген таңғажайып бақша бұл, Тобеден алма қарша жұлып тұр». -Балалар сонымен жемістермен қатар суртте әр түрлі коконістер де бар. Сол коконістердің бірі киыр мен

Сканировано с CamScanner

			дегенді қалай түсінесіңдер? – Мол, көп деген мағына. Жарайсың, Данияр! **Негізгі бөлім** Балалар, көкөністерді бәріміз жақсы білеміз және жақсы көреміз, солай ма?! – Ендеше, балалар, қандай көкөніс түрлері бар, кім айтады? Қырыққабат, қызанақ, қияр. Дұрыс. Осы көкөністердің дәмі қандай болады? – Тағы қандай көкөніс түрлері бар? Сәбіз, бұрыш, баклажан. Жарайсың. – Тағы кім айтады? Иә, Мансур, айта ғой. Қарбыз, қауын, асқабақ, Дұрыс. Қарбыздың дәмі қандай? – Балалар, енді тақтаға қарайықшы, ненің суретін көріп тұрсыңдар? – Көкөністердің. Жарайсыңдар, балалар. **Ширату** "Салаттың құрамын тап" дидактикалық ойыны. Ойынның шарты айтайын.			қызанақты білеміз, ендеше солардың суретін ақ қағазға бейнелейміз. Дөңгелек, сопақша пішіндерді пайдаланамыз. **Сұрақ-жауап:** Балалар, алманың, өріктің , алмұрттың дәмі қандай? Ал шиенің түсі,пішіні қандай? Ақ қағазға ненің суретін салдық?

Сканировано с CamScanner

			(аяқтарымен шаңғы тепкендей қимыл жасайды). – Жарайсыңдар, балалар!– Балалар, "Дені саудың – жаны сау" дегенді қалай түсінесіңдер? – Дұрыс айтасыңдар, дені сау адам бақытты адам. Дені сау болуы үшін адам өзінөзі күтеді. Қысы-жазы шынығады. Егер сендер де тазалықты сақтап, денелеріңді шынықтырсаңдар, пайдалы өсімдіктер мен жемістерді пайдалансаңдар, салауатты өмір сүресіңдер. – Балалар, тақтаға назар аударайық! Жуыну әні. Сабын алып бет жуамыз, жуамыз, жуам ыз, Сабын алып бет жуамыз ұйқыдан тұрғанда! Жуамыз, жуамыз, Тазалап жуамыз! Тарақпен тараймыз, та раймыз, тараймыз, Тарақпен шаш тараймыз ұйқыдан тұрғанда! Тараймыз, тараймыз, Тарақпен			

Сканировано с CamScanner

			тараймыз! Шөткемен тіс ысамыз, ысамыз, ысамыз, Шөткемен тіс ысамыз ұйқыдан тұрғанда! Ысамыз, ысамыз, Шөткемен ысамыз! Киімді алып киеміз, киеміз, киеміз, Киімді алып біз киеміз ұйқыдан тұрғанда! Осылай балабақшаға жиналып біз барамыз, барамыз, Бақшаға біз барамыз ұйқыдан тұрғанда! – Балалар, бұл бейнебаян не туралы? – Дұрыс айтасыңдар, тазалықты сақтау туралы. – Балалар, сендер тазалықты қалай сақтайсыңдар? – Жуынбаған баланың беті мен қолында, денесінде не пайда болуы мүмкін? Микробтар мен әртүрлі жаралар пайда болуы мүмкін. – Қолымызды тамақ ішер алдында үнемі сабындап жуу керекпіз. – Ұйықтар алдында бетіміз бен қолымызды сабындап жуып, тісімізді тазалауымыз керек. –			

Сканировано с CamScanner

			Тазалық дегеніміз не? Денені үнемі жуып, таза ұстау және таза киімдер кию. 4 – Адамның дені сау болуы үшін не істеу керек? Спортпен айналысып, жақсы тағамдар мен дәрумендер ішіп, уақытында ұйықтауы керек. – Денені шынықтыру үшін не істеуіміз керек? Үнемі дене жаттығуларын жасап, спортпен айналысып, қыстың күні таза ауада достарымызбен көп ойнау керек. – Тазалық үшін бізге не керек? Сабын, жөке, тарақ, сұйық сабын, тіс щеткасы, тіс пастасы, порошок. – Көкөністер мен жемістерді денсаулық үшін қалай пайдалануымыз керек? Тазалап жуып, жеу керек. 5 – Тәттіні көп жеген пайдалы ма, зиян ба? Тәттіні мөлшерден тыс, көп жеуге болмайды. Дене жаттығулары. – Балалар, қатарға тұрамыз. Қазір			

Сканировано с CamScanner

			ойналатын музыка әуенімен жаттығулар жасаймыз. – Жаттығулар жасағанда денемізді тік, еркін ұстаймыз. – Ал, енді жаттығуларды музыка әуенімен шеңбер жасап жүріп, қайталаймыз. Тілек ойыны. – Балалар, қазір біз тілек ойынын ойнаймыз. Шеңберге тұрып, бір-біріңе доп лақтырғанда денсаулыққа байланысты тілек айтуларың керек. – Денің сау болсын! – Ешқашан ауырма! – Жаның таза болсын! 6 – Шымыр бол! – Таза жүр! **Қорытынды**– Оқу қызметі сендерге ұнады ма? Иә. – Денсаулық үшін не керек екен? Тазалық, спорт, ұйқы, құнарлы тамақ. – Балалар, салауатты өмір дегеніміз не? Денің сау болып, ауырмай өмір сүру. – Дені сау адам – бай адам дегенді қалай түсінесіңдер? Денсаулыққа ешқандай байлық жетпейді. – Дені сау адам қандай			

Сканировано с CamScanner

«Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық.	10.20-10.40	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Киімдерін дұрыс киінуін қадағалау.				
Серуен:	10.40-12.00	**Картотека №7** «Бұлтты бақылау» **Мақсаты:** Балаларға бұлттың қай бағытқа көшіп бара жатқанын бақылатып әңгімелеу. **2.Құрылымдалған ойын:** **Картотека №12** Автобус **3.Баламен жеке жұмыс:** Айзере мен Исламды бір орында тұрып секірту. **4.Еңбек** Алаңдағы гүлдерге су құю. **5.Еркін ойындар.**	**Картотека №8** «Ағаштардан желмен ұшып түскен жапырақтарды бақылау» **Мақсаты:** Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын бақылау. **2.Құрылымдалған ойын:** **Картотека №13** Құстың қауырсыны кімге барады. **3.Баламен жеке жұмыс:** Данияр мен Инабатты саппан жүре білуге үйрету. **5.Еркін ойындар.**	**Картотека №9** «Құстарға бақылау» **Мақсаты:** Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.Ұшып бара жатқан құстарды бақылату. **2.Құрылымдалған ойын:** **Картотека №9** Аққоян **3.Баламен жеке жұмыс:** Қ.Нұрислам мен Д.Нұрисламға күз мезгіліне арналған сөздер айтқызу. **4.Еңбек:** Ойын аланындағы жапырақтарды тазалау. **5.Еркін ойындар.**	**Картотека №10** «Жаңбырды бақылау» **Мақсаты:** Күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыра отырып, жаңбырды бақылату. **2.Құрылымдалған ойын:** **Картотека №10** Жаңбыр мен күн **3.Баламен жеке жұмыс:** Асылым мен Нұрбергенге күз мезгіліне арналған сөздер айтқызу. **4.Еңбек:** Ойын аланындағы жапырақтарды тазалау. **5.Еркін ойындар.**	**Картотека №12** «Табиғат күнтізбесі бойынша ауа-райын бақылау» **Мақсаты:** Ауа райын бақылау.Ауа райына көңіл бөлу. **2.Құрылымдалған ойын:** **Картотека №12** Мысық пен тышқан **3.Баламен жеке жұмыс:**Бақытбек пен Аминаны қимыл қозғалыс жасауға үйрету. **4.Еңбек:** Құстарға жеп шашу. **5.Еркін ойындар.**
Серуеннен оралу, гигеналық шаралар	12.00-12.20	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуге, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. Қолдарын сабындап жууға үйрету.				
«Ас дәмді болсын» Түскі ас	12.20-13.00	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу. Үстел- үстінде түзу отыруын қадағалау.				
«Тәтті ұйқы» Ұйқыға	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Жәй әуенмен ұйқыға бату.				

Сканировано с CamScanner

дайындық, күндізгі ұйқы.						
«Оянамыз, сергіміз» Ұйқыдан біртін деп тұрғызу, сауықтыру және гигеналық шара лар, жеке жұмыстар.	15.10-15.40	**Ұйқыдан белсенді ояну жаттығулары:** Картотека №1 Картотека №2 Картотека №3 Картотека №4 Картотека №5				
Бесін ас	15.40-16.10	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу. Тамақ ішкеннен кейін майлықты дұрыс пайдалану.				
«Алақай ойын» Вариативтік компонент ұйымдастырыл ғаноқу қызметі, ойындар ойна ту,оқу- тәрбие жұмыстарын жүргізу.	16.10-16.30	Педагог жетекшілігімен ойын: **Картотека №7** **«Мен қандай жеміспін»** **3.Баламен жеке жұмыс:** Амина мен Исламды бір орында тұрып секірту.	**Вариативтік компонент** **Қоршаған ортамен таныстыру** **«Әдептілік әлемі»** **Тақырыбы:** «Денсаулығым-байлығым» Смарт мақсаты: Балалардың денсаулық туралы білімдері кеңейеді; әркімнің өз денсаулығына өзі жауапкершілікпен қарауы туралы ұғынады. Ресурстар: Тақырыпқа байланысты слайдтар немесе мазмұнды суреттер, тазалық пен денсаулықты сақтау ережелері туралы суреттер	Педагог жетекшілігімен ойын: **Картотека №8** **Тақырыбы:** **«Қандай мезгіл балақай»**	Педагог жетекшілігімен ойын: **Картотека №9** **Тақырыбы:** **«Сәуленің қуыршағы».** **3.Баламен жеке жұмыс:** Бақытбекке күз туралы тақпақ айтқызу.	Педагог жетекшілігімен ойын: **Картотека №10** **Тақырыбы:** «Үлкен-кіші»

Сканировано с CamScanner

			Жүру барысы: – Балалар, міне, күздің соңғы айы да келді. Бірақ әлі де күз. Күн суық. Күн суық болса да біздің денсаулығымыз нығая түседі, солай ма? – Олай болса, балалар, өз денсаулығымыздың құрметіне шаттық шеңберін жасап, шынығайық! – Жазда ықпай ыстықтан (қолдарымен өзін көрсетеді), – Қыста бұқпай суықтан (жұдырықтарын түйеді). – Айналысып спортпен (қолдарымен жаттығу жасайды), – Біз боламыз шыныққан (қолдарымен күш көрсетеді). – Жазда суда жүземіз (қолдарымен суда жүзген қимыл көрсетеді), – Құмда күнге күйеміз (қолдарымен денелерін ұстайды). – Жалаң аяқ жүреміз (орындарында тұрып жүгіреді), – Қыста қызып денеміз (қолдарымен денелерін ысқылайды), – Коньки, шаңғы тебеміз			

Сканировано с CamScanner

			Балалар, қалай ойлайсыңдар, лас киімді ауыстырмай кисек не болады? Киімнен жағымсыз иіс шығады. – Иә, дұрыс, балалар, лас киімді ертеңінде қайта киюге болмайды, лас киімді жуатын киімдер арасына тастау керек. – Балалар, бәрің де балабақшаға келерде жуылған, таза киімдеріңді кию керек екенін білесіңдер ме? – Олай болса, бәріміз үнемі таза, әдемі, деніміз сау болып жүрейік. **Шырату.** "Адымдаймыз көңілді". – Балалар, орнымыздан тұрып, біраз сергіп алайықшы! – Қазір басталатын музыка әуендегі сөздер бойынша қимыл жаттығуларын жасаймыз. Дайынсыңдар ма? Бастаймыз. – Қимылдарды менімен бірге қайталаймыз. – Балалар, дені сау адам қандай болады? Әдемі, көңілді. –			

Сканировано с CamScanner

			болады? Әдемі, көңілді, ақылды. – Балалар, өз денсаулығымызды сақтау үшін бар күшімізді саламыз ба? – Олай болса, балалар, бүгінгі айтылған қағидаларды естеріңнен шығармаңдар. Сендердің де денсаулықтарың мықты болсын, әр кезде күліп жүріңдер!			
«Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық, серуен	16.30-16.50	Киімдерін ретімен дұрыс киінуін қадағалау. Серуенге шығу. Еркін ойындар.				
		Картотека № 12 Құрылымдалған ойын: «Мысық пен тышқандар»	**Картотека №13** Құрылымдалған ойын: «Құғыншылар» **3.Баламен жеке жұмыс:** Асылым мен Нұрбергенге күз мезгіліне арналған сөздер айтқызу.	**Картотека №14** Құрылымдалған ойын: «Доптарды қуу»	**Картотека №15** Құрылымдалған ойын: «Күн мен жаңбыр» **3.Баламен жеке жұмыс:** Айзере мен Исламды бір орында тұрып секірту.	**Картотека №11** Құрылымдалған ойын: «Аюдың апанында»
«Сау бол балабақша» Ата-аналармен қарым-қатынас, балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Балалардың тазалығын ата- аналарға ескерту. Үйге кетуге сұрану.	Ата- аналарға кеңес: Үйде балаларға өз-өзіне еңбек етуге дағдыландыру.	Ата- аналарға балаларды табыстау.Төлем ақшаны уақытылы төлеу керек екенін ескерту.	Ата- аналарға ескерту. Балабақшаға уақытынан кешікпей әкеліп,уақытымен алып кетулерін ескерту.	Балалардың демалыс күндеріне сәттілік тілеу. Дүйсенбіге таза келулерін ескерту.

Сканировано с CamScanner

Күні: 12.11.2021ж
Әдіскер: А.Т.Уразмуханбетова

Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы.
«Аққоян» ортаңғы тобы
III-апта (15-19 қараша айы 2021ж.)
Өтпелі тақырып: «Дені саудың – жаны сау»
Тақырыпша:«Өзіңе және өзгелерге көмектес»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 15.11.2021ж	Сейсенбі 16.11.2021ж	Сәрсенбі 17.11.2021ж	Бейсенбі 18.11.2021ж	Жұма 19.11.2021ж
«Сәлеметсіздер ме, балалар» Балаларды таңертеңгі қабылдау, тексеру. Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) Таңертеңгі жаттығу Гигиеналық шаралар.	8.00-8.30	**Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалардың демалыс күндері қалай өткендігін сұрау.				
		Балаларды қабылдау. жағымды жағдай жасау. Дене қызуын өлшеу.Тазалығын тексеру арнайы журналға тіркеу.	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жағдай туралы әңгімелесу. Дене қызуын өлшеу. Балалар мен бірге ертеңгілік жаттығу жүргізу.	Баланың дене қызуын өлшеп қабылдау. Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру.	Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау.Ата-анамен жеке бас тазалығы туралы сөйлесу. Серуен уақытында топтарға кварц қосу.	Таңертең балаларды қабылдап ата-анаға балабақшадан қалдырмауын ауырған жағдайда ескертуі туралы айту.
		Жаттығулар кешені. Қараша айы: III –IV апта; Картотека №6				
		Мәдени гигеналық дағдыларын қалыптастыру.Қолдарын жуып,таңғы асқа отырғызу.				
Таңғы ас.	8.30 - 9.00	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге,майлықты дұрыс қолдануға, тамақтан соң алғыс айтуға үйрету.	Тамақты дұрыс ішулерін қадағалау.Тауысып ішуге дағдыландыру	Майлықты дұрыс пайдалануына көңіл бөлу. Тамақ ішкенде сөйлемей, әдепті отыруға үйрету.	Үстел басында дұрыс отырып, тамақтануын қадағалау.	Тамақтарын тауысып ішіуін қадағалау.
Ұйымдастырыл	9.00 -	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда баяу қимылды ойын-жаттығулар.				

Сканировано с CamScanner

ған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.	9.15	Құрылымдалған ойын: **Картотека №8** **Тақырыбы:** «Өз жұбыңды тап» **Мақсаты:** Берілген белгі (түс) бойынша өз жұбын табу. Жолдастық сезімге тәрбиелеу.	Құрылымдалған ойын: **Картотека №9** «Тыныш жүгіріп өту» **Мақсаты:** Балаларды жүгіруге, адалдыққа, жолдастық сезімге тәрбиелеу.	Құрылымдалған ойын: **Картотека №10** «Қияр-қияр» ойыны **Мақсаты:** Балаларды жүгіруге жаттықтыру, жолдастық сезімге тәрбиелеу. Арақашықтықты сақтау, қос аяқтап секіру.	Құрылымдалған ойын: **Картотека №11** «Аюдың апанында» **Мақсаты:** Балаларды әр жаққа жүгіруге жаттықтыру. Ойындағы серіктестіктеріне назар аударуға тәрбиелеу.	Құрылымдалған ойын: **Картотека №12** «Мысық пен тышқандар» **Мақсаты:** Балаларды әр жаққа жүгіруге жаттықтыру. Мұқияттылық, ептілікке тәрбиелеу.
«Ойнайық та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметі.	9.15-9.35 9.50-10.20	**1.Білім беру саласы:** Шығармашылық **ҰОҚ:** Музыка **Тақырыбы:** «Бұл қай кезде болады? Қыс» (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов). Ән айту:«Қыс күні» (Б.Жүсібалиев, А.Асылбек). Муз – ырғақты қимыл: «Көңілді шыршалар» СД диск Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту. **2.Білім беру**	**1. Білім беру саласы:** Денсаулық **ҰОҚ:** Дене шынықтыру **Тақырыбы:** Қоянмен бірге ойнаймыз **Смарт мақсаты:** Сызық үстінен екі аяқпен секіруді үйренеді. Кедергілер арасынан жүру және жүгіруді игереді. **Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап. **Ресурстар:** Кегли, музыкалық әуен. **Күтілетін нәтиже:** Негізгі қимыл жаттығуларын орындауды үйренді. Кедергілер арасымен жүру мен жүгіруді игерді. **Жүру барысы:** **Негізгі кезең.**	**1. Білім беру саласы:** Денсаулық **ҰОҚ:** Дене шынықтыру **Тақырыбы:** Қуыршаққа ерінбей еңбектеуді үйретеміз **Смарт мақсаты:** Доға астында еңбектеуді үйренеді (биіктігі– 40 см) Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыруды игереді. **Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қозғау. **Ресурстар:** доп жартылай топқа, доға. **Күтілетін нәтиже:** Балалар допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыруды игерді. **Жүру барысы:** **Ұйымдастырушылық - ізденістік** -Дайынсыңдар ма? Онда жаттығуларға кірісейік.	**1. Білім беру саласы:** Шығармашылық **ҰОҚ:** Орыс тілі **Тема:** Витамины **Цель:** формировать у детей младшего возраста потребность к здоровому образу жизни. **2. Білім беру саласы:** Шығармашылық **ҰОҚ:** Музыка **Тақырыбы:** Бұл қай кезде болады? Қыс»(Б.Ерзакович, Ш.Ахметов). Ән айту:«Қыс күні» (Б.Жүсібалиев, А.Асылбек). Муз – ырғақты	**1.Білім беру саласы:** Денсаулық **ҰОҚ:** Дене шынықтыру **Тақырыбы:** Қонжықтай күшті бола біл! **Смарт мақсаты:** Ирек жолмен жүруді үйренеді (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр) Биіктігі 40 см доға астынан еңбектеп өтуді игереді. **Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап. **Ресурстар:** биіктігі 20 см тақтай (брусок) – 12 дана, жалауша, балалар санына есептелген ойыншықтар. **Күтілетін нәтиже:**

Сканировано с CamScanner

		саласы Таным **ҰОҚ:** Математика негіздері **Тақырыбы:** «Салыстыру» Смарт мақсаты: Ұзындығымен ені бойынша заттарды салыстырады. **Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын. Ресурстар: карточкалар, тақырыпқа сай суреттер. Күтілетін нәтиже: Балалар заттарды салыстырып үйренді. **Жүру барысы:** **Шаттық шеңбері:** Сәнденіп даламыз, Сәулетті қаламыз. Сәулеңмен құлпырдың Сәлем,күн анамыз. Таңғы шеңберді айтамыз. 1.«Көп», «аз», «теңбе-тең», «ұзынырақ», «қысқалау» сөздеріне тоқталып, түсіндіріп өту.	Шеңбер бойымен тұру. Балалар арасындағы қашықтықты сақтауға назар аудару. Шеңбер бойымен тұрып жалпы дамыту жаттығуларын жасау. **Негізгі қимылдар:** 1.Сызық үстінен екі аяқпен секіру. 2.Кедергілер арасынан жүру және жүгіру. Негізгі қимылдарды орындау. Екі аяқпен секіру (аяқтарын қосып секіру – аяқтарын алшақ қойып секіру). Екі аяқтың ұшымен бір қарқынмен итеріліп, тізені жартылай бүгіп, секіріп түсуге назар аудару. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарақұлақ» (қазақтың ұлттық ойыны). Балаларға «үйшікті» көрсетеді. Ойын ережесін түсіндіреді. Балаларға жүгіргенде бір-біріне кедергі жасамау керектігін естеріне салады. Саусақ гимнастикасы: «Қоян» Биік терек түбінде	**I.** 1. Біз ойынға барамыз, Ойнап, күліп жүреміз. 2. Серуенге барамыз, Жолда абай боламыз. 3. Топқа келіп ойнаймыз, Жүгіруші боламыз. 4. Демімізді алайық, Асықпай біз жүрейік. 5. Бір, екі, үш. Бір, екі, үш. Тоқтап, жинайық күш. **II. Жалпы дамыту жаттығулар** **1.** «Біз қуыршақпыз». Н.қ.. аяқтары алшақтау, қолдары алда. 1-қолда-рын сәл жоғары көтеру, басын оң жаққа бұру, 2-н.қ. келу, 3-қоладрын сәл көтеру, басын сол жаққа бұру, 4-н.қ. келу. **2.** «Біз бишілерміз». Н.қ.: аяқтары бірге, қолдары белде. 1- оң аяқты өкшеге қою, 2-н.қ.келу, 3-сол аяқты өкшеге қою, 4-н.қ. келу. **3.** «Біз роботпыз». Н.қ.: аяқтары иықтың бойында, қолдары кеуде-сінің алдында, шынтақта бүгілген. 1- оң жаққа бұрылу, 2-н.қ. келу, 3- сол жаққа бұрылу, 4- н.қ. келу. **4.** «Біз паровозбыз». Н.қ.: отырып, қолдары шынтақта бүгілген. 1-2 – құйрығымен алға қарай жылжу, 3-4 – н.қ. келу. **5.** «Қояндар». Секіру. **Негізгі қимылдар:**	қимыл: «Көңілді шыршалар» СД диск Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту.	Балалар алға қарай екі аяқпен секіруді үйренді. Еденде жатырған кедергілерді аттап үйренді. **Жүру барысы:** Тізбекте бір-бірден жүру, тізбекте жүгіру. «Музыкалық жұмбақтар» ойын жаттығуы– орман жаттығулары қимылын ұқсату – қонжықтың достарын. Қимылдың сипаты мен музыканың сәйкестігіне назар аударады. **Негізгі кезең.** Бір қатармен сапта жүру, бір қатармен жүгіру. Ойын-жаттығуы: «Музыкалы жұмбақтар» – ормандағы қонжықтың достарының қимылдарын көрсету. Музыка мен қимылдың үйлесімділігене назар аударады.

Сканировано с CamScanner

		2.Балалар мына сиқырлы қораптың ішінде бізге берілген тапсырмалар бар. 1) Екі топқа берілген фигураларды салыстырып, аз-көптігін ажырату. 2)Карточкадағы заттарды санап бер (солдан оңға). 3)Д.о: «Қай пішінге ұқсайды?» **Шырату:** Оң қолымда бес саусақ. Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. **Қорытынды:** Сабақты қорытып, балалардан не түсінгендерін сұрау. Балаларды мақтап, мадақтап, бағалау.	Секіреді ақ қоян. Оған қайың түбінен Ойнауға келді сұр қоян **Қорытынды кезең (рефлексия).** Қоянға дене шынықтыру жаттығулары ұнағанын айтып береді. Жаттығудан кейін қоян күшті, батыл әрі шапшаң болып кетті. **2.Кіріктірілген білім беру саласы** Таным Шығармашылық **ҰОҚ:** Жаратылыстану Сурет салу **Тақырыбы:** «Жәндіктер – кішкентай көмекшілер», «Қоянға көмектес. Сәбіз» **Смарт мақсаты:** Жәндіктердің тірі табиғатқа жататынын біледі. Саусақтарымен сәбіздің суретін салады. **Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қозғау. **Ресурстар:** Тақырыпқа сай суреттер, сәбіздің суреті.	1. Допты қос қолымен кеуде тұсынан лақтыру. 2. Доғаның астынан еңбектеу (биіктігі 40 см). **Қимылды ойын**: «Күн-түн» Ойынның шартын естеріне түсіреді. **III.** Аз қимылды ойын: «Түзу шең-бермен жүру» Жаттығуларды жасауға ықыластарын білдіреді. 1. Саптізбекте аяқтың ұшымен жүреді. 2. Шашырап жүреді. 3. Шашырап жүгіреді. 4. Саптізбекте жүреді. 5. Тоқтап, әркім өз командасының саптізбегіне тұрады. Жаттығуды 3-4 рет қайталап жасайды. Екі аяқпен 4 рет секіру. 1. Аяқтары бірге, секірген кезде қоладрын артқа қарай ұстап сермейді. 2. Тізелері мен алақандарына тіреліп еңбектейді. Ойынға ықыластарын білдіреді. Ойын 2-3 рет қайталанады. **Рефлексиялық-түзетушілік** -Балалар, бүгінгі жаттығулар қиын болды ма? -Қане, есімізге түсерейік,		**2 қатарға тұрып, тексерлермен ЖДЖ жасау –** қолдың шынтағын бүкпей созып ұстау. **Негізгі қимылдар:** 1.Ирек жолмен жүру (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр). 2.Биіктігі 40 см доға астынан еңбектеп өту. Негізгі қимылдарды ойын түрінде жасау: **Ирек жолмен жүру** **Ойын жаттығуы:** Таспамен жасалған жолмен жүріп өту – тексерлерді қонжықтың себетіне жинау.Тепе-теңдікті сақтауға, дене бітімін тік ұстауға, тексерлерді созылған қолмен екі жақта ұстауға назар аудару. Доға астынан еңбектеу (биіктігі – 40см). **Ойын жаттығуы:** «Қонжықтай еңбектеп өт» – ретретімен үш доғаның астынан еңбектеп өту, қатардағы өз орнына келіп тұру.

Сканировано с CamScanner

			Күтілетін нәтиже: Жәндіктер туралы мағлұматтар білді. Сәбіздің суретін салып үйренді. **Жүру барысы:** **Шаттық шеңбері:** Сәлеметсіңбе Жер-Ана, Сәлеметсіңбе Көк-аспан, Сәлеметсіңбе Алтын күн, Сәлем менің достарым! Сәлеметсіздерме қонақтар?! Балалар жәндіктер жанды әлде жансыз табиғатқа жата ма ? Жәндіктер жанды табиғатқа жатады. Өйткені олар тыныс алады, қоректенеді, қозғалады, көбейеді, өседі, өледі. Қоңыздар, көбелектер мен шыбындар ешқашан кішкентай болмайды екен олар өмірге бірден ересек болып келеді. Олар көп жұмыртқа салады,бірақ оның бірнеше бөлігін құстар алып кетсе, қалған бөлігін шыбындар, құмырсқалар, алып кетеді екен, міне солай аман қалған бөлігі ғана тіршілік етіп қалады.	жаттығу-ларды кім дұрыс орындады? -Иә, әр балада қателіктер болыпты. Келесі жолы барлықтарын бәрін дұрыс жасауға тырысасыңдар деп үміттенемін. Белсенді балаларды мақтайды. Әркім өз ой-пікірін білді-реді. Өздері жасаған қимыл-қозғалыстарын бағалайды. **2. Кіріктірілген білім беру саласы** Қатынас Таным **ҰОҚ:** Сөйлеуді дамыту Құрастыру **Тақырыбы:** «Анама көмек», «Досыма көмектесем» **Смарт мақсаты:** Әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдайды және түсінеді. Досына көмектесу кезінде ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан заттар құрастырады. **Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ой		**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қақпаға түсір». Балаларға бір-біріне қарама-қасы қарап тұру ұсынылады. Екі баланың ортасына қақпақойылады. Допты бар күшімен лақтыруына назар аударылады. **Қорытынды кезең (рефлексия)** «Алақанды соғамыз – шап-шап-шапалақ - шап-шап-шапалақ , Аяқты тыпырлатамыз – топ-топ. Басты біз айналдырып, Кеудемізді қағамыз. Өкшемізді қадаймыз гоп-гоп, Тізелерден соғамыз – шлеп-шлеп,Ішімізді бір сипап, Күлімдейді аузымыз».

Сканировано с CamScanner

			Ал мен сендерге осы жәндіктердің әрқайсысына түсінік берейін. Қоңыздардың мұрты, аяқтары, қанаттары болады. Ал көбелек нәзік жәндік, ол алғаш өмірге келгенде жұлдызқұрт болады екен, содан бір күннен кейін арқасындағы терісі жыртылып қанаты пайда болады қанатында әдемі тозаңдары болады оны қолмен ұстауға болмайды әйтпесе үгітіліп кететінін байқаймыз. Ал құмырсқаларға назар аударайық олар үнемі бір жаққа жүгіріп барады, олар топпен жүреді, өте тату бірлесіп жұмыс істейді екен. Ал мына жәндік ара, бұларда гүлдердің тозаңдарын жинап бал жасайды. Жәндіктер де адамдар сияқты еңбек етеді. Жәндіктердің табиғат үшін адамдар үшін әкелетін пайдасы өте көп біз оларды біле білмейміз. Мысалы араның балын тұмауратқанда, ауырып	қозғау. **Ресурстар**: Тақырыпқа сай суреттер, слайд. **Күтілетін нәтиже**: Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді білді. Аналарын құрметтеуді, сыйлауды үйренді. **Жүру барысы:** - Балалар, бүгінгі біздің оқу іс - әрекетіміз өте ерекше тіпті қызықты өтпекші. Сондықтан балалар, көңіліміз көтеріңкі болу үшін, мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Ойнаймыз ба балалар? -иә ойнаймыз. Жақсы онда барлығымыз суретке назар аударайық. Кімнің суретін көріп тұрмыз? -Ананың Олай болса, «Анамыз қандай?»- деген ойын ойнайық. Бізге ойын ойнау үшін алдыменен не керек? Суреттер Өте жақсы. - Ал енді айтайық анамыз қандай? - Сұлу, мейірімді, нәзік, бізге қамқор болады. - Анамыз бізге не береді? Сүт береді. Дұрыс айтасыңдар. Құшағы ыстық,		

Сканировано с CamScanner

			қалғанда жесек жазылып кетеміз, ал өрмекшінің тоқыған торын жарақат алған жерге басса ауырғаны қойып қан тоқтатады екен. Міне балалар жәндіктер туралы біз көптеген мәлімет алдық. Ал сендер білесіңдер ме жәндіктер бір-бірімен қалай тілдеседі, қалай бір-бірін түсінеді екен. Олар да жануарлар сияқты дыбыстайды екен. Қанекей қазір біз осы жәндіктердің дауысын естіп салыстырып көрейік. (балаларға жәндіктердің дауысы бар видеоны көрсетіп,тыңдатамын) **Ширату:** Қуырмаш Ендеше балалар сендерге жұмбақ жасырамын. **Жұмбақ:** Қалқиып қос құлағы, Елендеп қорқып тұрады. (қоян) Осы қоянға арнап сәбіздің суретін саламыз. Саусақ әдісі арқылы ақ қағазға сәбізді салып үйренеміз.	бірақ күн емес Өзі нәзік, гүл емес және сүйкімді, қоян емес, Сүт береді, сиыр емес. Бұл кім екен балалар? -Ана Міне сендер қазір барлығыңда өз аналарыңды елестеткен боларсыңдар. - Анаң үйде болмаса қандай болады. - Көңілсіз, ренжиміз, суық болады. - Ал, үйде аналарыңа қандай көмек бересіңдер? - Қалай көмектесесіңдер? (балалар аналарына қалай көмектесетіні туралы айтады) **Дидактикалық ойын:** «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда» Қане, балалар шаршаған боларсыңдар, орнымыздан тұрып сергіту жаттығуын жасап жіберейік. Мынау менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған. Мынау басым ақылды Бәрін осы басқарған. Мынау менің оң қолым, Мынау менің сол қолым Барлық істі атқарған. -Ендеше балалар қасымыздағы достарымызбен топтағы әр		

Сканировано с CamScanner

				түрлі пішіндегі құрастыратын ойыншықтардан анамызға арнап сыйлық жасап, құрастырамыз. **Қорытынды**: Сонымен балалар бүгінгі сабағымыз ұнадыма? Анамызға әрдайым көмектесіп жүрейік		
«Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық.	10.20-10.40	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Киімдерін дұрыс киінуін қадағалау.				
Серуен:	10.40-12.00	**Картотека №7** «Күз мезгілінде желді бақылау» **Мақсаты:** Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелесу арқылы балалардың тілін дамыту **2.Құрылымдалған ойын:** **Картотека №7** Күн мен түн **3.Баламен жеке жұмыс:** Медина мен Рахманды бір орында тұрып секірту. **4.Еңбек** Алаңдағы гүлдерге су құю. **5.Еркін ойындар.**	**Картотека №8** «Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау» **Мақсаты:** Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру. **2.Құрылымдалған ойын:** **Картотека №8** Ұшты-ұшты **3.Баламен жеке жұмыс:** Ислам мен Айханды саппан жүре білуге үйрету. **5.Еркін ойындар.**	**Картотека №10** «Күзгі желдің бағытын бақылау» **Мақсаты:** Балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын, қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру. **2.Құрылымдалған ойын:** **Картотека №10** Жел көбік **3.Баламен жеке жұмыс:** Ясмина мен Мейіржанға күз мезгіліне арналған сөздер айтқызу. **4.Еңбек:** Ойын аланындағы жапырақтарды тазалау. **5.Еркін ойындар.**	**Картотека №11** «Қайтқан құстарды бақылау» **Мақсаты:** Олардың атын айтқызып, дауыстарын тыңдату. **2.Құрылымдалған ойын:** **Картотека №11** Қайтқан құстар **3.Баламен жеке жұмыс:** Асылым мен Нұрбергенге күз мезгіліне арналған сөздер айтқызу. **4.Еңбек:** Ойын аланындағы жапырақтарды тазалау. **5.Еркін ойындар.**	**Картотека №12** «Күзгі саябаққа серуен» **Мақсаты:** Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгімелесу. **2.Құрылымдалған ойын:** **Картотека №12** Құстар мен мысық **3.Баламен жеке жұмыс:** Бақытбек пен Аминаны қимыл қозғалыс жасауға үйрету. **4.Еңбек:** Құстарға жем шашу. **5.Еркін ойындар.**

Сканировано с CamScanner

Серуеннен оралу, гигеналық шаралар	12.00-12.20	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуге, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. Қолдарын сабындап жууға үйрету.				
«Ас дәмді болсын» Түскі ас	12.20-13.00	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу. Үстел- үстінде түзу отыруын қадағалау.				
«Тәтті ұйқы» Ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы.	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Жәй әуенмен ұйқыға бату.				
«Оянамыз, сергиміз» Ұйқыдан біртін деп тұрғызу, сауықтыру және гигеналық шара лар, жеке жұмыс тар.	15.10-15.40	**Ұйқыдан белсенді ояну жаттығулары:** Картотека №5 Картотека №6 Картотека №7 Картотека №8 Картотека №9				
Бесін ас	15.40-16.10	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу. Тамақ ішкеннен кейін майлықты дұрыс пайдалану.				
«Алақай ойын» Вариативтік компонент ұйымдастырыл ғаноқу қызметі, ойындар ойна ту,оқу- тәрбие жұмыстарын жүргізу.	16.10-16.30	Педагог жетекшілігімен ойын: **Картотека №7 «Мен қандай жеміспін»**	**Вариативтік компонент Қоршаған ортамен таныстыру .«Әдептілік әлемі» Тақырыбы:** «Қуыршақ Әйгерімге көмектесеміз» Смарт мақсаты: Балаларда қоршаған орта туралы, достық қарым-қатынас туралы ұғымдары қалыптасады. Туған- туыстарына, достарына көмек қолын созуды үйренеді. **Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап. Ресурстар: Тақырыпқа сай суреттер	Педагог жетекшілігімен ойын: **Картотека №8 Тақырыбы: «Қандай мезгіл балақай»**	Педагог жетекшілігімен ойын: **Картотека №9 Тақырыбы: «Сәуленің қуыршағы».**	Педагог жетекшілігімен ойын: **Картотека №10 Тақырыбы:** «Үлкен- кіші»

Сканировано с CamScanner

			Күтілетін нәтижесі: Көмек беру жайлы түсінді. Айналадағы адамдарға көмек қолын созуды үйренді. **Жүру барысы:** **I кезең мотивациялық-қозғаушы** Балалардан адамның қандай жақсы қасиеттері бар екенін сұрау. (кішіпейіл, қамқор болу, ұқыпты болу, көмек көрсету) **II** кезең-ұйымдастырушылық -ізденушілік Топқа Әйгерім қуыршақ жылап келеді. Тәрбиеші одан неге жылағанын сұрайды. Ол әжесімен келе жатып, одан адасып қалғанын айтады. -Балалар, енді не істесек болады? Өте жақсы балалар, бұл да жақсы қасиет. Әйгерім, сен жылама, біз қазір балалармен бірігіп сенің әжеңді табуға көмектесеміз. Солай ма, балалар? -Міне, балалар, біздің Әйгерімді уатқанымыздың өзі көмек, біз жылы сөзімізбен айналамыздағы адамдарға көмек көрсетеміз. -Біз Әйгерімге қалай қол ұшын береміз? -Сендер көмек беру дегенді қалай түсінесіңдер?			

Сканировано с CamScanner

